

Банктің кредит тәуекеліне байланысты өз міндеттемелері бойынша болашақ төлемдер жүргізу жөнінде банктік кепілдік және кепілдеме беру, сондай-ақ міндеттемелер қабылдау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының қаулысы 2002 жылғы 26 қарашадағы N 473. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 26 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2102. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 27 мамырдағы N 159 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Банктің кредит тәуекеліне байланысты өз міндеттемелері бойынша болашақ төлемдер жүргізу жөнінде банктік кепілдік және кепілдеме беру, сондай-ақ міндеттемелер қабылдау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктер шарттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу тәртібі туралы ереже жөнінде" 1997 жылғы 25 шілдедегі N 288 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізіліміне N 429 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 1998 жылғы 19-25 қаңтарда жарияланған) ;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктер шарттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 25 шілдедегі N 288 қаулысымен бекітілген "Екінші деңгейдегі банктер берген кепілдіктер шарттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2000 жылғы 28 қарашадағы N 438 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізіліміне N 1344 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2001 жылғы 1-14 қаңтарда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

4. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық Филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Банктің кредит тәуекеліне
байланысты өз міндеттемелері
бойынша болашақ төлемдер
жүргізу жөнінде банктік
кепілдік және кепілдеме беру,
сондай-ақ міндеттемелер қабылдау
ережесін бекіту туралы"
2002 жылғы 26 қарашадағы
N 473 қаулысымен
бекітілген

Банктің кредит тәуекеліне байланысты өз міндеттемелері бойынша болашақ төлемдер жүргізу жөнінде банктік кепілдік және кепілдеме беру, сондай-ақ міндеттемелер қабылдау ережесі

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары мен Қазақстан Республикасының басқа да заң актілеріне сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі - банктер) банктік кепілдік пен кепілдеме беру, сондай-ақ банкте өз міндеттемелері бойынша кредит тәуекелі туындайтын және қаржы құралдарын сатып алу (сату) мақсатында банктің қарсы әріптеске төлем жасау күні мен қарсы әріптестің банкке қаржы құралдарын сату (сатып алу

) күні арасында он күнтізбелік күннен астам (бұдан әрі - кепілдік) уақытша мерзімі болатын өз міндеттемелері бойынша болашақ төлемдер жүргізу үшін міндеттемелер қабылдау жөніндегі талаптарын белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кепілдіктер беру (теңгемен сияқты шетел валютасымен де) осы Ереженің, Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына, кепілдік беруге байланысты операциялар жүргізу және осы операцияларды жүргізген кезде туындайтын тәуекелдерді басқару тәртібін белгілейтін банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Банктердің шетел валютасымен кепілдік беруі банктің шетел валютасымен банктік операциялар жүргізуге лицензиясы болса ғана жүргізіледі.

3. Банк берілетін кепілдік сомасын ескере отырып, тиісті шартты жасау күніне барлық пруденциалдық нормативтерді орындаған жағдайда кепілдік б е р е д і .

Аталған талап банктерде жекелеген пруденциалдық нормативтердің бұзылуын жою жөніндегі Іс-шаралардың жоспарлары (бағдарламалары) болғанда және оларды орындау Ұлттық Банк Басқармасымен мақұлдаған (келісілген) жағдайда қолданылмайды.

4. Банк теңгемен немесе шетел валютасымен кепілдік берген кезде кредит тізілімін жүргізу тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі - Ұлттық Банк) ақпарат беруге тиіс.

Бес жүз миллион және одан да көп теңге сомасына (немесе көрсетілген соманың шетел валютасындағы баламасына) кепілдік беру үшін банк осы Ережеге сәйкес Ұлттық Банктің рұқсатын алуы қажет.

5. Кепілдік шарты кемінде 2 дана етіп жасалады және онда мыналар болуға т и і с :

кепілдіктің нөмірі және берілген күні;
кепілші ретіндегі банктің атауы, тұрған орны, борышкердің - заңды немесе жеке тұлғаның атауы, тұрған орны (тұратын жері);
борышкерге қызмет көрсететін банктің атауы және тұрған орны;
к р е д и т о р д ы ң а т а у ы ;
борышкер міндеттемелерінің туындаған күні;
кепілдіктің мөлшері (сомасы) және қамтамасыз ету түрі мен сомасы кіретін кепілдікті қамтамасыз ету туралы мәліметтер;
кепілдіктің қолданылу мерзімі;
кепілдіктің қолданылуын тоқтату шарттары;
міндеттемелерді орындамағаны үшін кепілші банктің кредитор алдындағы (тұрақсыздық айыбын төлеуді, проценттерді, борышкердің міндеттемелерді

орындамауына немесе тиісті түрде орындамауына байланысты кредитордың борышты өндіріп алу бойынша сот шығасылары мен басқа да шығындарын қосқанда, бірақ бұлармен шектелмейтін) жауапкершілігі;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де шарттар.

6. Осы Ереженің нормаларына сәйкес кепілдік берген кезде Ұлттық Банктің рұқсатын алу қажет, банк тиісті шартта осы рұқсаттың деректемелерін көрсетеді, ал ол болмаған жағдайда - осы Ереженің нормаларына сүйенеді, оған сәйкес рұқсат алу талап етілмейді.

7. Екі және одан көп бетке жасалған кепілдіктердің шарттары нөмір қойылып, тігілуі, қағаз пломбамен бекітілуі және банктің мөрі қойылуы керек.

8. Ұлттық Банк банктер берген кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау жөнінде жауапкершілікте болмайды.

9. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кепілдіктер беруі осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2-тарау. Ұлттық Банктің рұқсат беру тәртібі

10. Ұлттық Банктің рұқсатын алу үшін, осы Ереженің 4-тармағында көзделген жағдайларда, банк тиісті шарт жасалғанға дейін жеті жұмыс күні ішінде алда жасалатын операция туралы ақпаратпен қоса, рұқсат алуға өтініш б е р у і қ а ж е т .

Операция жөніндегі ақпаратта мыналар болуға тиіс:
борышкер мен кредитордың атауы;
берілетін кепілдіктің сомасы;

қамтамасыз ету түрі мен сомасы кіретін кепілдікті қамтамасыз ету туралы м ә л і м е т т е р ;

кепілдіктің берілу (қолданылу) мерзімі;
кепілдіктің қолданылу мерзімін тоқтату шарттары;
кепілдік шартының жасалған күні;

берілетін кепілдік бойынша (берешектің әрбір түрінің шеңберінде) банк алдында борышкер болып табылатын тұлғаның жиынтық берешегі туралы м ә л і м е т т е р ;

осы тармақта көрсетілген мәліметтер берілген күннен кейінгі соңғы күннің алдындағы жұмыс күні үшін берілетін кепілдікті ескере отырып, пруденциалдық нормативтер есептеу.

11. Ұлттық Банктің банктерді қадағалау бөлімшесі жеті жұмыс күні ішінде алдағы операциялар туралы рұқсат алуға берілген өтінішті қарайды. Өтінішті қарау нәтижелері және онымен қоса кепілдік беру бойынша алдағы операциялар туралы ақпарат жөнінде Ұлттық Банктің банктерді қадағалау бөлімшесі өтініш беруші банкке Ұлттық Банк Төрағасының (оның орынбасарының) қолы қойылған рұқсатты береді не жазбаша түрде дәлелдей отырып бас тартады.

Ұлттық Банктің рұқсат беруден бас тарту негіздері банктің соңғы есеп берілетін күнге және осы Ереженің 10-тармағының оныншы абзацында көрсетілген күнге, сондай-ақ берілетін кепілдік сомасы ескеріліп есептелген рұқсат берілген күннен кейінгі соңғы күннің алдындағы жұмыс күніне пруденциалдық нормативтерді орындамауы болып табылады.

Банк Ұлттық Банктің рұқсаты алынған тиісті шарттар жасалған күннен бастап он күн ішінде бұл жөнінде тиісті шарттың көшірмесімен қоса Ұлттық Банкке жазбаша хабарлама жібереді.

12. Ұлттық Банктің рұқсаты ол берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жарамды.

13. Ұлттық Банк банктің жазбаша хабарламасы мен оған қоса берілген шарттар негізінде Берілген кепілдіктер тізіліміне тиісті деректерді енгізеді.

14. Ұлттық Банктің банктерді қадағалау бөлімшесі тиісті шарттарда көрсетілген ақшалай міндеттемелердің сомасын осы банк жөніндегі ақпараттық базада көрсетеді.

15. Тараптар берілетін кепілдіктің мерзімдерін немесе сомаларын ұлғайтуға қатысты бес жүз миллион теңгеден асатын сомаға (немесе көрсетілген соманың шетел валютасындағы баламасына) жасалған тиісті шарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін банк Ереженің осы тарауында көзделген тәртіппен Ұлттық Банктің рұқсатын алуы қажет.

16. Банктер берілген кепілдіктерді жіктеуді және олар бойынша провизиялардың қажетті мөлшерін қалыптастыруды Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға провизиялар (резервтер) құру тәртібі мен шарттарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

3-тарау. Қорытынды ережелер

17. Осы Ереженің нормалары бұзылған жағдайда Ұлттық Банк банктерге Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген ықпал етудің шектеулі шараларын және/немесе санкциялар қолдануға құқылы.

18. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.